

**Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі және кент тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2022 жылғы 19 тамыздағы № 279 шешімі. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қарашадағы № 13/118 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 17.11.2023 № 13/118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабы 6 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 " Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШТІ:

1. Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ақбұлақ ауылдық округі тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*К. Сақкулаков*

Осакаров аудандық  
мәслихатының 2022 жылғы  
"19" тамыздағы  
№ 279 шешіміне 1-қосымша

**Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі

басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік ережелеріне сәйкес әзірленді, Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің Ақбұлақ ауылы, Роднички ауылы (бұдан әрі-Ақбұлақ ауылдық округі) көшелерінің тұрғындарына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізуді белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық-шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## **2 тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Ақбұлақ ауылдық округінің аумағы көшелерге бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін әр көшеден саны үш адамнан аспайтын мөлшерде Ақбұлақ ауылдық округінің көшелерінің өкілдері сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі (бұдан әрі-Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі) шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелері Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен ғаламтор - ресурстар, мобильді немесе үй байланыс желілері, мобильді қосымшалар мессенджерлері арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Көше шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізуді Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында Ақбұлақ ауылдық округінің аумағындағы көшеден қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны Ақбұлақ ауылдық округінде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына кәмелетке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға жергілікті қоғамдастық бөлек жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Ақбұлақ ауылдық округінің көшесінің өкілдерінің үміткерлерін Қарағанды облысы Осакаров ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасында:

- 1) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының өткізілетін күні мен орны;
- 2) көше шегінде тұратын және жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;
- 3) қатысушылардың саны және Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) көрсетілген тізім;
- 4) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны төрағасының және хатшысының Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса);
- 5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Осакаров аудандық  
мәслихатының 2022 жылғы  
"19" тамыздағы  
№ 279 шешіміне 2-қосымша

**Қарағанды облысы Осакаров ауданының Ақбұлақ ауылдық округінің Ақбұлақ ауылы, Роднички ауылы көшелері тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Ақбұлақ ауылдық округінің, Ақбұлақ ауылы, Роднички ауылы көшелерінің атауы	Көше өкілдерінің саны
Ақбұлақ ауылы		

1	Восточная көшесі	3
2	Гагарина көшесі	3
3	Заготзерновская көшесі	3
4	Западная көшесі	3
5	Интернациональная көшесі	3
6	Молодежная көшесі	3
7	Надечная көшесі	3
8	Парковая көшесі	3
9	Пионерская көшесі	3
10	Полетарская көшесі	3
11	Родниковая көшесі	3
12	Целинная көшесі	3
13	Центральная көшесі	3
14	Подгорная көшесі	1
Роднички ауылы		
15	Наурыз көшесі	1
16	Аманат көшесі	1
	Жиыны	42

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК